

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі
Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің жұмылдыру резервінің
материалдық құндылықтарын шығару (броньнан шығару тәртібімен)
жөніндегі тендерлік комиссия отырысының
ХАТТАМАСЫ

Астана қаласы
Янушкевич көшесі, 2

17.02.2015 ж.
сағ.: 11:30

Тендерлік комиссия құрамы: А.Ә. Сәду – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің (бұдан әрі – ММРК) төрағасы, тендерлік комиссияның төрағасы;

комиссия мүшелері: С.К. Сабырбаева – ММРК төраға орынбасары, тендерлік комиссияның төраға орынбасары; Б.Қ. Ахметов – ММРК Жұмылдыру резервін есепке алу және бақылау басқармасының басшысы; Д.А. Нұрқанов – ММРК Бухгалтерлік есеп және қаржы басқармасының басшысы; М.Б. Мағұлов – ММРК Жұмылдыру бөлімшесінің бас сарапшысы; Ә.А. Төребекова – ММРК Жұмылдыру резервін есепке алу және бақылау басқармасы сарапшысының м.а., тендерлік комиссиясының хатшысы.

Күн тәртібі:

1. № 9, 10, 13, 16, 18, 19, 23, 27 лоттар бөлігінде Шығаруға жататын броньнан шығарылған жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарының тізбесіне өзгерістер енгізу;

Күн тәртібі мәселелерін қарау мен талқылау нәтижесінде, сонымен қатар 2014 жылғы 28 қазандағы № 4, 2014 жылғы 27 қазандағы № 1, 2014 жылғы 7 қарашадағы № 1, 2014 жылғы 19 қарашадағы № 5, 2014 жылғы 5 қарашадағы № 1 орнын ауыстыру тәртібінде жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын шығару актілерінің негізінде және «ҚТЖ «ҰК» АҚ-ның 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарының бар-жоғы және қозғалысы туралы есебіне сәйкес, тендерлік комиссия ашық түрде дауыс беру арқылы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қосымшаға сәйкес Шығаруға жататын броньнан шығарылған жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарының тізбесіне өзгертулер енгізілсін.

2. Бұл ретте бұл Хаттама (www.kgmr.gov.kz) сайтқа орналастырылғаннан бастап күнтізбелік 15 күн өткеннен кейін № 9, 10, 16, 18, 19, 23 лоттар бойынша үміткерлердің өтінім беруіне болады.

Осы шешімге:
тендерлік комиссияның 5 мүшесі - «қолдаймын»;
тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын»
деп дауыс берді.

Тендерлік комиссия отырысында видео жазбалары жүргізілді (қосымшамен ұсынылады).

Тендерлік комиссия отырысы 2014 жылғы 17 ақпандағы сағ. 11:40 бітті деп есептелсін.

Қосымша: 24 бетте.

Комиссия төрағасы:

Сәду А.Ә.




Комиссия төрағасының орынбасары:

Сабырбаева С.К.




Комиссия мүшелері:


Ахметов Б.Қ.



Нұрқанов Д.А.



Мағұлов М.Б.



Комиссия хатшысы:

Төребекова Ә.А.

